

Қазақстан Республикасы Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетінің "Қазақстан инвестицияға жәрдемдесу орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 8 мамырдағы N 417

Қазақстан Республикасының экономикасына тікелей, портфельдік инвестицияларды және инвестицияның өзге де түрлерін тартуға бағытталған қызметті жүзеге асырудың қажеттігіне байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Шаруашылық жүргізу құқығындағы "Қазақстан инвестицияға жәрдемдесу қоры" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті Кәсіпорынның уәкілетті органы, сондай-ақ кәсіпорынға қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын орган болып белгіленсін.

3. Кәсіпорынның негізгі міндеті қаржылық және Қазақстан Республикасының экономикасына тікелей, портфельдік инвестицияларды және инвестицияның өзге де түрлерін тартуға байланысты өзге де қызметті жүзеге асыру болып белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті заңдарда белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның жарғылық қорына Алматы қаласы, Абылайхан даңғылы, 77 мекен-жайында орналасқан үйді
б е р с і н .

5. Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті бір ай мерзім ішінде Кәсіпорынның жарғысын бекітсін және заңдарда белгіленген тәртіппен оның тіркелуін қамтамасыз етсін.

6. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі